4 Достыққа адал жан еді



5 Жасыл әлемнің жанашыры




www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

# Сыр бойы

№3-4 (21078-21079) 10 қаңтар, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


ПРЕЗИДЕНТ



## СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақорда резиденциясында АҚШ елшісі Джули Стаффт пен Болгария елшісі Георги Воденскиден сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекет басшысы Болгария елшісі арқылы Президент Румен Радевке сәлемін жолдап, оның былтыр елімізге жасаған ресми сапары екіжақты қарым-қатынасқа айтарлықтай тың серпін бергенін айтты.

– Сіздің еліңізбен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Саяси, сондай-ақ экономикалық бағыттағы ықпалдастық аясын кеңейту үшін қолдан келген мүмкіндіктің бәрін жасаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Джули Стаффтпен әңгімелесу барысында АҚШ-қа жасаған сапары табысты өткенін ықыласпен еске алды.

– Президент Дональд Трамп мырзамен достық рәуіште мазмұнды әңгіме өрбітіп, келіссөздер жүргіздік. Таяуда біз телефон арқылы емен-жарқын сөйлесіп, екіжақты ынтымақтастығымызға қатысты көптеген мәселені талқыладық. Мені жыл соңында Құрама Штаттарда өтетін G20 саммитіне қатысуға шақырғаны үшін алғыс айтамын. Біз көптеген саладағы стратегиялық серіктестігімізді дамытып, нығайтуға күш саламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттері басшыларына ізгі тілегін жолдады.

МӘЖІЛІС

## «ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»

Кеше «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен, ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, құқық қорғау органдары, аумақтық департамент, басқарма басшыларының, зиялы қауым, ата-аналар комитеті өкілдерінің, мектеп директорлары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сала мамандарының қатысуымен «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты кеңейтілген мәжіліс өтті.

Аймақ басшысы білім саласында атқарылған жұмыстарға, ұрпақ тәрбиесіндегі ауқымды міндеттерге тоқталды.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Тәртіп жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну әркімнің өмір салтына айналуы тиіс. Ол үшін өскелең ұрпақтың бойына осы бастан жасампаздық қасиеттерді сіңіріп, оларды тәртіпке баулу қажет», – деп, балаларға терең әрі тағылымды тәрбие берудің маңыздылығын атап өтті.

Бұл тұрғыда қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру, балалардың мүддесін, құқығы мен бостандығын қорғау – баршамыздың міндетіміз. Сәт сайын өзгеріп, көз ілеспес жылдамдықпен дамуға бет алған бүгінгідей дәуірде рухани құндылықтар мен ұлттық тәрбие өзегінен ажырап қалмау керек. Бұл – маңызды мәселе!

2-бет

САПАР

## ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Суреттерді түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

Бейсенбі күні Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев облысқа сапары аясында өңір жұртшылығымен, еңбек ұжымдары, мәслихат депутаттары, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері және өңірдегі дарынды жастармен кездесті. Кездесулерде Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне берген сұхбатында айтылған бастамаларды, сондай-ақ, елімізде жүргізіліп жатқан өңірлерді орталықсыздандыру бағдары мен Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы тапсырмаларды іске асыруға қатысты мәселелер талқыланды. Одан бөлек, бірқатар маңызды бағыт бойынша Сенаттың мәслихаттармен бірлескен жұмысының негізгі басымдықтарына мән берілді.

Палата Спикері мәслихат депутаттарымен және жұртшылықпен кездесуде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформаларды сапалы іске асыру үшін барлық мүдделі тараптың бірлескен жұмысы ерекше мәнге ие екенін айтты. Сондай-ақ ол ел Президенті «Turkistan» газетіне берген сұхбатында белгілеп берген міндеттерге назар аударып, цифрландыру, жасанды интеллектіні дамыту және Қазақстанды цифрлық державаға айналдыру жөніндегі бастамалар аясында күш біріктірудің маңызына назар аударды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде кешенді реформалар іске асырылып жатыр. Басты мақсат – әділетті мемлекет, тиімді экономика және жауапты басқару жүйесін қалыптастыру. Мемлекет басшысы «Turkistan» газетіне берген сұхбатында еліміздің қазіргі ахуалына және алдағы даму бағдарына кеңінен тоқталды. Президентіміздің барлық бастамасы Қазақстанды әділетті, демократиялық, ашық мемлекетке айналдыруға бағытталған. Сондықтан Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді сапалы іске асыру үшін сенаторлар мен мәслихат депутаттарының жүйелі өзара іс-қимылын және бірлескен жұмысын белсенді түрде жалғастыра береміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленіп, фискалдық және салық саясаты толығымен қайта қаралған жаңа Бюджет, Салық кодекстерінің, сондай-ақ, қабылданған басқа да заңдардың маңызына назар аударды. Палата Спикері ел Президентінің өңірлерді орталықсыздандыруды және олардың дербестігін арттыруды көздейтін бұрын-соңды болмаған бағдары мен «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидатының негізгі мәнін де тілге тиек етті. Мұндай қадам өзекті проблемаларды жедел шешу жолында бюджеттік дербестікті және қабылданған шешімдер үшін жауапкершілікті арттырады, сондай-ақ, жергілікті билік институттарының рөлін нығайтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев аймақтардың құзыретін күшейтіп, бірқатар өкілеттікті орталықтан өңірлерге беруді маңызды міндет етіп белгіледі. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік дербестігін кеңейту үшін ауқымды өзгерістер орын алуда. Соның нәтижесінде салықтар мен төлемдердің 25 түрі жергілікті деңгейге, оның ішінде аудандар мен ауылдарға берілді. Ең осал аймақтарға стандартты даму деңгейіне жету үшін көбірек ресурстар беріледі. Мұндай тәсіл инфрақұрылымдық олқылықтарды барынша азайтуға және елді мекендердің дамуын нақты жоспарлауға жол ашады. Өңірлер кірістерінің 70 пайызы аудандық деңгейде және облыстық маңызы бар қалаларда шоғырланған. Бұл – жергілікті әкімдерді бизнес ортаны дамытуға және табыс базасын ұлғайтуға ынталандыратын қадам. Осындай ауқымды жұмыста мәслихаттарға үлкен жауапкершілік жүктеледі.

2-бет

САРАП

## ТАБЫСТЫҢ БІР КІЛТІ – ТУРИЗМ

«Туризм саласында жалқаулық пен немқұрайдылыққа, ашкөздік пен дөрекілікке жол жоқ. Былтыр Қазақстанға миллиондаған шетел азаматы келді. Ішкі туризм қарқынды дами бастады. Мұның бәрі – өте жақсы үрдіс. Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліксіздігі мен немқұрайлығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Әзірге таныстыру, яғни презентация жұмыстарынан әрі аса алмай жатырмыз...»

**Мемлекет басшысы Қасым-ЖомартТоқаевтың «Түркістан» газетіне берген сұхбатынан**



Коллаж жасаған К.Оразбаев

Қазір кейбір елдердің тұрғындарына таңсық бір дүние бар. Ол – «Dark tourism». Қазақша балама іздесек, «қара туризм» дегенге саяды. Бұл сөз әлемдік туризм индустриясында кейінгі он жылдықта кең таралғандай, яғни, жаңа бағыт. Дұрысы, алғаш XX ғасырдың соңында ғылыми еңбекке еніп, адамзат тарихындағы қайғылы оқиғаларға, саяси қуғын-сүргінге, геноцидке, соғыс пен апат орындарына туристік қызығушылықты арттыруға қолдана бастаған термин еді.

3-бет

**Валюта бағамы** $ 508,91 kzt € 594,36 kzt ₽ 6,33 kzt

**Ауа райы:** Сенбі +4° -3° | Жексенбі +3° +1°

# «ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ»





Біздің ең бірінші міндетіміз – балаларымыздың жан-жақты, сапалы білім және саналы тәрбие алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру.

Аймағымыздың білім беру саласына 2022-2025 жылдары 1 трлн 159 млрд теңге бөлінді. 2022 жылдан бері 42 заманауи білім беру нысаны салынып, пайдалануға берілді. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынып, ел игілігіне табысталды. 2023 жылдан бері 9 мектеп жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты», – деді облыс әкімі.

1-бет

Жиында Жұлдыз Досбергенқызы, Наурызбай Сейтқалиұлы, Мұрат Абдуламитұлы, облыс прокуроры Ризабек Кәрімұлы, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы, облыс прокурорының орынбасары Нұрболат Серікұлы, ата-аналар комитетінің мүшесі, айтыскер ақын, облыстық мәслихат депутаты Мұхтар Мәуленұлы ой-пікірлерін бөлісті.

Мәжілісте көтерілген мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді. Аймақ басшысы мектепішілік және полиция органдарының есебіндегі оқушыларды үйірмелерге тарту, олардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыруды тапсырды. Ерекше бақылауды қажет ететін, түрлі санаттағы отбасылардан шыққан балаларды шығармашылық және спорттық секцияларға қатыстыру жұмысын жалғастыру керек.

Жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқықбұзушылықтың, кибербуллингтің және заңсыз ойынның алдын алуды күшейту қажет. Учаскелік полиция инспекторларына есепте тұрған жасөспірімдерді қатаң бақылауда ұстау жүктелді.

Вейп өнімдерін пайдалануға және сатуға толық тыйым салу өте маңызды. Заңға қайшы әрекеттердің алдын алу үшін мектептердегі келеңсіз жағдайларға дер кезінде назар аударып, тәртіп бұзушылықтың алдын алуға уақытылы мән беру қажеттігі атап өтілді.

# ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Бұл ретте Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың сапалы әрі уақытылы іске асырылуын бақылауды күшейтудің маңызы зор», – деді Сенат Төрағасы.

Кездесуде Мәулен Әшімбаев саяси жаңғыру жолындағы тағы бір маңызды мәселе – парламенттік реформа жөнінде айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында бір палаталы Парламентке көшу мәселесін қоғам мен сарапшылар талқылауына шығаруды ұсынды. Бұл бастама демократиялық институттар мен тетіктерді нығайтуға бағытталған дәйекті реформалардың қисынды жалғасы екені анық. Осы жолда кеңейтілген өкілеттіктерге ие Парламент маңызды рөлдердің бірін атқарады. Аталған реформа аясында Конституцияның 40-қа жуық бабына өзгерістер енгізіледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім халықтың пікірін ескере отырып, референдум арқылы қабылданады. Жалпы, парламенттік реформа өкілді билік тармағын одан әрі тиімді, икемді және заманауи сын-қатерлерге төтеп беретін жүйе ретінде күшейтуді көздейді», – деді Палата Спикері.

Мәулен Әшімбаев Қызылорда облысының экономикалық өсу перспективалары мен қарқынына назар аударып, жаңа даму тетіктерін жетілдірудің және азаматтардың әл-ауқатын арттырудың маңызды екенін атап өтті. Сонымен бірге кездесуге қатысушылар облыстың инвестициялық әлеуетіне, осы бағыттағы негізгі міндеттерге, олардың ерекшелігіне тоқтала келе, іске асырылып жатқан бірқатар жобаның тиімділігін және инфрақұрылымды жаңғыртуға, жолдар желісін, су мен инженерлік жүйелерді жаңартуға қатысты мәселелерді талқылады.

Өңірдің креативті жастарымен кездесуде елді жаңғырту процесінде білімді жас буынның рөліне, олардың бойына жасампаз құндылықтарды, жауапкершілік пен прогрессивті идеяларды сіңірудің маңызына және өскелең ұрпақты жүйелі қолдауға баса мән берілді. Атап айтқанда, үздіксіз даму, цифрлық сауаттылықты арттыру және озық технологияларды игеру жөнінде кеңінен сөз болды.

1-бет

**«СБ» ақпарат**

«Қызылорда облысы бойынша 2026 жылғы I тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 36702 теңгені құрайды».

## ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

## ГАЗДАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ 64%-дан АСТЫ

Кейінгі төрт жылда елді газдандыру деңгейі жеті пайызға өскен.

24.kz келтірген дерекке жүгінсек, 2021 жылы ел тұрғындарының 57,6 пайызы «көгілдір отынға» қол жеткізсе, 2025 жылдың қорытындысында көрсеткіш 64,2 пайызды еңсеріп отыр. Бұл мақсатта қазынадан 112 млрд теңге бөлініп, жүздеген жоба жүзеге асқан. Нәтижесінде қазір ел тұрғындарының 64 пайыздан астамы «көгілдір отынның» игілігін көріп отыр.

ҚР Энергетика министрі Ерлан Аккенженовтің сөзінше, халықты газбен қамту бойынша Мемлекет басшысы тапсырған әлеуметтік міндеттер жүйелі түрде шешілуде. Табиғи газ шалғай өңірлердің тұрғындары үшін қолжетімді игілікке айналды. 2025 жылы 95 елді мекенде 350 мың адам газбен қамтамасыз етілген.

## БІР ЖЫЛДА 160 МЫҢ ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІК

2025 жылы Қазақстанда шамамен 160 мың жеңіл автокөлік шығарылған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштің 19%-ға артқанын айғақтайды. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлады.

Қазақстан автокөлік одағының президенті Анар Мақашеваның айтуынша, көліктің барлық түрі бойынша жалпы өндіріс көлемі 171 мың данаға жетіп, 18% өсім көрсетті. Бұл қазақстандық автокөлік өнеркәсібі тарихындағы ең жоғары нәтиже.

«2025 жыл қазақстандық автонарық үшін сапалы өсім кезеңі болды. Өндірістік қуаттардың кеңеюі мен жаңа кәсіпорындардың іске қосылуы жұмыс орындарының көбеюіне тікелей әсер етті. Қазір салада 11 мыңнан астам маман еңбек етеді», – дейді А.Мақашева.

**«СБ» ақпарат**

## МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРДЫҢ (ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ) КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ШЕКАРАСЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СОЛ ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ РЕЖИМІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 121-бабына және «Магистральдық құбыр туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына, 14-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Магистральдық құбырдың (газ тарату станцияларының төңірегінде) күзет аймақтарының шекаралары осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Магистральдық құбырдың (газ тарату станцияларының төңірегінде) күзет аймақтарындағы жерлерді пайдалану режимі осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі**
**Н. НӘЛІБАЕВ**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы « ____ » __________ № ____ қаулысына
1-қосымша

### МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРДЫҢ (ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ) КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫ

| № | Жер санаты | Күзет аймақтары шекараларының көлемі, гектар | Күзет аймақтарының шекаралары (аумақ шекараларынан барлық жаққа кейін қалатын), метр |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | Арал ауданы | | |
| 1 | өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер | 1,4250 | 100 |
| 2 | босалқы жер | 4,3237 | |
| | Барлығы: | 5,7487 | - |
| | Қазалы ауданы | | |
| 3 | өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер | 0,3746 | 100 |
| 4 | босалқы жер | 2,0007 | |
| | Барлығы: | 2,3753 | - |
| | Сырдария ауданы | | |
| 5 | өнеркәсіп, көлік, байланыс жері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жер | 1,3352 | 100 |
| 6 | босалқы жер | 2,2852 | |
| | Барлығы: | 3,6204 | - |
| | Жиынғы: | 11,7444 | - |

Қызылорда облысы әкімдігінің
2026 жылғы « ____ » __________ № ____
қаулысына
2-қосымша

### МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРДЫҢ (ГАЗ ТАРАТУ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ТӨҢІРЕГІНДЕ) КҮЗЕТ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ РЕЖИМІ

Магистральдық құбырдың (газ тарату станцияларының төңірегінде) күзет аймақтарында:

1) өткелдерді, қара жолдарды және магистральдық құбыр трассасы мен оның күзет аймағын өзге де уақытша немесе тұрақты көлікпен кесіп өтудің орналасу орындарын, салу, жайластыру және пайдалану тәртібін магистральдық құбырдың меншік иесімен келіспей, орнатуға;

2) бағандыққа және орман өсіруге, сондай-ақ жер жырту тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын далалық ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін агротехникалық жұмыстар кешенінен басқа, магистральдық құбырдың меншік иесімен келісілмеген кез келген жұмысты орындауға;

3) магистральдық құбырдың меншік иесі не оператор жайластырған, магистральдық құбырға қызмет көрсету мен оның физикалық қорғалуын қамтамасыз етуге арналған жолдарды рекультивациялауға, сондай-ақ магистральдық құбырда өртке қарсы және күзет функцияларын орындайтын қызметкерлердің осы жолдармен қозғалысына, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кедергі келтіруге;

4) кез келген құрылыстар мен ғимараттар салуға;

5) автомобиль көлігі құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

6) мелиоративтік жер жұмыстарын жүргізуге, суару және құрғату жүйелерін салуға;

7) магистральдық құбырдың меншік иесінің келісімінсіз тау-кен, құрылыс салу, монтаждау және жару жұмыстарын жүргізуге, жерді тегістеуге;

8) ұңғымалар, тікказбалар орнатуға және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, іздеу, геодезиялық және басқа да іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

## «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында **(8 7242), 27-02-06** «сенім телефоны» жұмыс жасайды.

| Мемлекеттік органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күндері | Азаматтарды қабылдау уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі | **Байланыс телефоны** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | Жаңабаев Ғабит Жұмабекұлы | Басқарма басшысы | Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма | 09:00-13:00, 15:00-19:00. | Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме | 40-08-17 |
| Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | Мыңбаев Азамат Амантайұлы | Басқарма басшысының орынбасары | Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма | 09:00-13:00, 15:00-19:00. | Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме | 27-23-01 |
| Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы | Басқарма басшысының орынбасары | Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма | 09:00-13:00, 15:00-19:00 | Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме | 27-01-00 |

# ТАБЫСТЫҢ БІР КІЛТІ – ТУРИЗМ



## «ҚАРА ТУРИЗМ» – КӨҢІЛ КӨТЕРУ ЕМЕС

Сөз басында айтқандай, теңіз бен түрлі табиғаты сұлу жерден бөлек, табиғи апат пен адам қолынан болған оқиғалар орнына құмартатындар саны жетерлік. Әрі олардың көбі – өткен тарихқа үңілушілер. Туристердің мұндай тобы Қазақстанға да жиі аялдап жүр. Бұған еліміз де XX ғасырдағы ауыр тарихи кезеңдерге куә жер ретінде өзіндік бағыттарын ұсына алады. Бұл – мамандардың сөзі.

– «Қара туризм» – жай ғана демалу немесе көңіл көтеру емес, керісінше өткен тарихи қасіретті оқиғаларды тану, олардың адамзатқа тигізген зардабын түсінуге бағытталған ерекше тәжірибе. Мұндай сапар көбіне туристерге түрлі эмоция қалдырып, тарихи әділетсіздіктерді түсінуге, адамзат тарихынан сабақ алуға ықпал етеді, – дейді Халықаралық туризм және меймандостық университетінің басқарма төрағасы – ректор Әлібек Шоқпаров.

Әлібек Жұмабекұлының сөзінше, біздегі бұл туризм бағыты әлі толық игерілмеген. Десек те болашағы бар.

– Семей полигоны мен Арал теңізі – экологиялық апат аймағы екені түсінікті. Екеуі де адамның табиғатқа жасаған орасан зор қателігінің айқын көрінісі. «Қара туризмнің» тағы бір орталығы – Қарағандыдағы КарЛАГ, яғни Қарағанды еңбекпен түзеу лагері. Лагерь көлемі жағынан бүкілодақтық ГУЛАГ жүйесінің ең ірі орталықтарының бірі болды. Долинка кентіндегі музей бүгінде мыңдаған шетелдік туристі қабылдайды. Экспозициялар саяси қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың тағдырын баяндап, лагерь өмірінің ауыр шындығын көрсетеді. Ал Ақмоладағы ең ірі лагерь – АЛЖИР (Отанын сатқандардың әйелдері лагері) «қара туризмнің» маңызды нысандарының бірі. Онда мыңдаған әйел, олардың ішінде әйгілі ғалымдар мен қайраткерлердің жұбайлары жазықсыз жазасын өтеді. Қазіргі музей сол зұлматты еске түсіріп, тарихи әділетсіздікті көрсетуге арналған, – дейді ректор.

Сондай-ақ Қазақстанда Степлаг, Песчанлаг сияқты өзге де лагерьлер болған. Олар да болашақта «қасіретті туризмнің» халықаралық маршруттарына қосылуы мүмкін. Ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштерді де «қара туризм» нысандарына жатқызуға болады. Бұлар аса тартымды болмаса да тарихи шындықты тануға қызмет етері сөзсіз.

Әлемде «Dark tourism» саласы адамдарға тарихтан сабақ алып, өткенді ұмытпауға мүмкіндік береді дедік. Мұнан бөлек, әр облыстың өзіндік туристік ерекшелігі бар. Шетелдіктер көбіне Шарын шатқалы, Көлсай мен Қайыңды көлдері, «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты және мәдени-тарихи орталықтар мен көрнекті орындарды жиі таңдайды. Ел оңтүстігіндегі Ахмет Ясауи мавзолейі, Отырар тәрізді Ұлы Жібек жолы бойында болған тарихи мекендерге қызығушылық жоқ емес. Батыстағы Бозжыра шатқалы, Торыш алқабы, Бекет ата жерасты мешіті, Шерқала тауы және Каспий теңізін атап өтуге болады. Шығыстан «Қатонқарағай» ұлттық паркін, «Рахман» қайнар бұлағын, Берел қорғандарын да айта аламыз. «Астана Бәйтерек», «Бейбітшілік және келісім сарайы», Бас мешіт тәрізді нысандарымен көзге түседі. Сондай-ақ Ақмола облысындағы «Шучье-Бурабай» курорттық аймағын тамашалауға да сұраныс көп.

## ТУРИСТЕРГЕ ШЫНАЙЫ ЭКСПОНАТ КЕРЕК

Бұған дейін Аралға талай сапарлап бардық. Сондағы «Балықшылар» музейіне соққанбыз. 2012 жылдан бастап қызмет көрсететін мәдени нысанда теңіз жәдігерлері топтастырылған. Ішіндегі әр дүние – бір-бір тарих. Мұнда 1700-ден аса экспонат бар. Келушілердің аралауға тұтастай бір күнді толық арнауына болатын сияқты. Музей сыртында ат шана, түйе шана, қайықтар, жылым тартуға арналған шығыр, Ленин сыйға тартқан станок, капитандар есімі жазылған кемелер тұр. Ең үлкені – «Лев Берг» деп аталатын 25 метрлік кеме. Мұның өзі жағалауда қараусыз қалғанда музей жанашырлары төрт бөлікке бөліп, осында әкеліпті. Қайта құрастырып, кеме ішін залға айналдырған.

Кеме демекші, теңіз тартылғанда олар көп жыл құрғаған ұлтанда қараусыз, қайырлап жатты. Күн өтті, ауа райының әсері бар, тот басты, құмда қисайған күйі тұрған. Бірақ ғұмыры әрі ұзармады. Кейбіреулер кәрі теңіздің куәсіндей болған кемелерді талауға салды, темір өткізгіштер бөлшектеуге көшті. Шетінен бұтарлап, жүк көлігіне тиегенін талайдың көзі көрді.

– Жағада қалған кемелер кешегі күнге дейін болды. 5-6 жыл бұрын да туристер барып, тіпті басына түнеп жүрді ғой. Қазір онда кеме жоқ. Ал мына музей алдында тұрған кемелерді көрген шетелдіктердің көңіл-күйі бірден түсіп кетеді. Неге? Өйткені олар шынайы емес. Бояп, сыртын сырлап қойғанбыз. Жасанды екені көзге ұрып-ақ тұр. Оларға құмда қайраңдап, қисайған сұлбасы қалған кеме қызық. Ал көрші Өзбекстан теңізден қалған кемелерін сақтап үлгерді, – дейді сондағы музей қызметкерлері.

Теңіздің Мойнақ тұсында (Өзбекстан) қалған кемелердің бір жерге жиналғанын естігенбіз. Мемлекет қарауына өтіп, сыртын да қоршапты. Ал онда кемелердің өзі түгілі, бір затына әлдебіреу суық қолын жүгіртсе, жазасы да тым қатал дейді білетіндер. Ақиқаты сол, онда барушы туристер ағыл-тегіл көрінеді. Мұны бір уақытта «Хабар 24» телеарнасының Өзбекстандағы меншікті тілшісі болған әріптесіміз Рауан Мыңбаев та растаған.

– Арал теңізінің Өзбекстан, яғни қарақалпақ ағайын мекен ететін Мойнақ жері бір кездері су толы аймақ болғаны белгілі. Қазір тек құрғаған ұлтан ғана қалған. Мойнаққа мыңдаған шетелдік турист келеді. Өйткені мұнда ежелгі қалалардан бөлек, кемелердің қаңқасы көп сақталған. Өзбектер теңіздің куәсіндей болған дүниелерін қорғап, ашық аспан астында туризмді жандандырып отыр. Сол арқылы мемлекетке де қаржы түсіреді. Нағыз «қара туризм» осы, – дейді Рауан.

## КЕСІЛГЕН КЕМЕ НЕМЕСЕ КІНӘ КІМДЕ?

Кезінде қараусыз қалдырып, бүгінде кемелер орнын сипап қалғанымыз кімнің кінәсі? Арал ауданында көп жылдан бері туристерге гид-аудармашы болып қызмет атқаратын Серік Дүйсенбаевтың пікірін білдік.

– Сол уақыттағы басшылық «кемелерді Аралға әкелу, иә болмаса қорғау қиын» деді. Кейін Жалаңаштағы он екі кемеден соң Ақеспедегі алты кемені қанша айтып жүргенде оны да 5 жыл бұрын тып-типыл қылды. Шығанақтағы Пинк Флойд клип түсірген кемелер екібастан жоқ болды. Әлі де кеш емес, Ақбастыдағы екі кемені Аралға не бақылай алатындай жақын жерге әкелуге болады. Бірақ фундаментке не тұғырға орнатпай-ақ, табиғи күйінде теңіз табанында қайырлап қалғандай орналастыру керек. Екі кеме үшін ешқандай турист 280 шақырым жерге бармайды, оның үстіне ол екеуі фото не бейнетүсірілім жасауға болатындай әсерлілігін жоғалтқан, – дейді Серік.

Оның сөзінше, туристерді Аралдан Жалаңашқа дейін қырық бес шақырым бойы кепкен теңіз табанымен алып жүресіз. Жолда ескі балық қабылдау орнын, жел күні сордың үстінде тұзды құйындар көруге болады. Әрі қарай Жалаңаш, Тастүбектен балықшы отбасынан түскі ас, шұбат, түйе сауууды көрсету, балықшылармен бірге балық аулау, әрі қарай Ақеспеге дейінгі каньондар, Қарасандықтағы төбелерге жаяу шығу, ыстық бұлақ пен Ақеспенің құмында Дубайдағыдай «Джиппен» сафари. Осының бәрі тек қана қайраңдап қалған кемелерді көру үшін келген туристке жолай ұсынылатын дүниелер еді. Ал кемелер кесіліп, темір қабылдаушыларға кеткелі олардың саны азайған.

– Кейінгі 15 жылдықта Арал ауданына алыс-жақын елдерден шетелдік туристер келе бастады. Оның басты себебі бар. Америкада, Европада шығатын «Lonely Planet/Central Asia», «Bradt», тағы басқа жолсерік кітаптарда Қазақстанға арналған бөлігі болды. Онда Аралдағы кемелер қорымы арнайы туристік нысан болып енген. Бұл кітаптар әр төрт жылда жаңарып тұрады, кітап журналистері көрсетілген маршрут бойынша барлық нысанды аралап, толықтыру жұмысын жүргізеді. Мұнда тек саяхат орны ғана емес, сонымен бірге қонақүйлер, музей, дәмханалар туралы мәлімет үнемі жаңартылады, – дейді Серік.

## ӘУЕЛІ КЕРЕГІ – ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Серіктің айтуынша, теңізге келер туристердің сырт айналуына кінәлі тек өзіміз. Кейінгі жылдары кемелер қорымы толықтай жойылған.

– Біріншіден, біздегі туристік нысандардың көбінде инфрақұрылым нашар. Жолдың кейбіріне қиыршық тас төселген, кейде қара жол. Жарық пен су толық тартылмаған. Екіншіден, бар нәрсені өзіміз қолдан құрттық. Бір ғана мысал, 2016 жылы Арал теңізі маңындағы Жалаңаш елді мекеніне жақын 12 кеменің соңғы үшеуі толық кесілді. Шығанақтағы 10 шақты кеменің барлығы, әнші Диана Шарапова «Аралдан ұшқан аққулар» атты бейнебаянын түсірген кеме де жартылай кесілген. Ақеспе маңындағы соңғы екі үлкен кеменің біреуін 2017 жылы бөлшектеп тынды. Әлем аузына қараған BBC, CNN, Voice of America сияқты компаниялары, қаншама фильм түсірушілер мен фотографтардың, «Pink Floyd» бастаған неше түрлі музыканттардың да қызығушылығын арттырған осы кемелер болатын. Youtube-тағы Аралға қатысы бар шетелдік деректі фильмдерді немесе арт-жобаларды алып қарасаңыз, бәрінде біздің кемелер жүр. Бұл кемелердің ерекшелігі – тарихтан сыр шертіп, табиғат аясында сол қалпында жатуы. Шетелдіктер үшін қазіргі музей жанындағы ескі айлақта тұрған кемелер қайта боялған ескерткіш қана. Жалпы фильм, фотосурет тұрғысынан теңіз табанында қалғандары ғана ерекше әсерлі. Туғалы жасыл желек, өзен-көл, мұхит көріп жүргендер үшін бұл – экзотика. Бұл үшін олар ақша аямайды, – дейді ол.

Аралдық жігіттен естіген кемелер туралы шындық осы. Ал бүгінде алдын ала хат жолдаған туристер мұнда кеме қалмағанын естіп, сапарын әрі қарай жалғастырып жүр екен. Құрғаған теңізде «қара туризмді» дамытудың бірден-бір жолы осындай кемелерді сақтап қалу арқылы жүзеге асарын енді білгендейміз бе, қалай?

Ал Арал аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің мамандары өткен жылдың 9 айында 15 мыңға жуық отандық турист аялдағанын айтады. Бұдан бөлек, тартылған теңізді тамашалауға 972 шетелдік азамат келген.

– Өз еліміздің азаматтары көбінекөп Ақеспе ауылындағы ыстық бұлақ, Қамыстыбас ауылындағы «Аққұмшық» жағажайы, Шижаға елді мекені сыртындағы табиғи құмды алқапқа аялдайды. «Көкарал» бөгеті мен киелі орындар – Арыстан баб, Бегім ана кесенесіне баратындар жетерлік. Жалпы ауданға келушілерге 18 қонақүй, 6 туристік нысан, 50-ден аса қоғамдық тамақтану орны қызмет көрсетуде, – дейді аталған бөлімнің бас маманы Арыстан Зияғаладин.

Оның айтуынша, шетелдіктер Арал мен тартылған теңіз туралы ақпаратты Орталық Азияның туристік жерлері жайлы кітаптар арқылы біледі. Онда аралдық гид туралы ақпарат көрсетілген. Енді бір бөлігі ауыздан ауызға тараған бейресми жарнама, яғни туристердің өзара бөліскен әсерлері арқылы осында сапар шегеді. Олардың маршруттарын да жергілікті гид ұйымдастырады екен.

– Биыл келушілердің көбі Ақеспедегі ыстық бұлақты, әсем шыңдарды, көне қоныстарды және бархан құмдарын тамашалады. Жергілікті балықшылардың тіршілігімен танысып, қайықпен теңізге шығуға ниетті туристер Тастүбек ауылында да болды. Бұрынғыдай теңіз табанында қалған кемелер жоқ, тек тот басқан бір кеме ғана Ақбасты елді мекенінде сақталған. Шетел университеттерінен арнайы ғылыми-зерттеу немесе қызметтік мақсатпен келетін профессорлар, антропологэтнографтар мен суретшілерге ондағы кемені көру өте маңызды. Ал қарапайым саяхатшыларға тек кемеге бола Ақбастыға бару аса қолайлы емес. Өйткені, орталықтан тым алыс жатыр, – дейді бөлімнің бас маманы.

## КӨРСЕТКІШ БАР, ЖОБАЛАР ДА ЖОҚ ЕМЕС

Былтырғы жылдың қаңтар-қыркүйек айларының қорытындысына қарағанда Қазақстанға туристік мақсатпен 12,1 млн шетел азаматы келген. Салалық министрлік деректері осылай дейді. Сондай-ақ елімізде 243,5 мыңнан астам жатын орынға есептелген 4499 орналастыру нысаны жұмыс істейді. Қонақүйлер мен өзге де орналастыру нысандарының жиынтық табысы 268 млрд теңгеге жетіп, өңірлердегі іскерлік белсенділік пен туристік тұтыну деңгейі артқан.

Осы уақыттары туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 38,1%-ға өсіп, 923 млрд теңгені құрапты. Сонымен қатар елдің 20 өңірінде 147 инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылып жатыр.

Облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы мәліметінше, біздің аймаққа келуші туристердің қатары да жыл сайын өсуде. Өткен жылдың 9 айлық есебімен облысқа 157 мыңнан астам турист келген. Оның 10 мыңға жуығы – шетел азаматы. Сонымен қатар, саладағы түсім де жаман емес көрінеді. Аталған уақыт ішінде туристік қызмет көрсету көлемі 2 млрд 441 млн теңгеден асқан. Айта кету керек, облысқа келген шетелдік туристердің жиі аялдайтын нысандар қатарында ең бірінші «Байқоңыр» ғарыш айлағы тұр. Былтыр ұшқан ғарыш зымыранын көруге 10 мыңнан аса турист келген.

«Халықаралық туризм күніне орай өткен жылдың қыркүйегінде «DRIVE FORUM BAIKONUR» фестивалі ұйымдастырылды. Фестивальға Ресей, Түркия, Түркіменстан және Қырғызстан мемлекеттерінен 60-қа жуық турист қатысты. Қонақтар Байқоңыр қаласындағы мәдени-танымдық нысандармен, сондай-ақ «Байқоңыр» ғарыш айлағының тарихи орындарымен танысты. Сонымен қатар «Қорқыт ата» мемориалдық кешеніне арнайы саяхат жасалып, қазақ халқының бай мұрасы мен рухани құндылықтары таныстырылды» делінген басқарма мәліметінде.

Сырдағы туризм саласының ең үлкен жаңалығы – Орталық Азиядағы алғашқы «GeoPark Aral» туристік маршруты жобасының Арал ауданында ашылуы. Туристік маршрутқа осындағы Қамыстыбас көлі, Ақеспе ыстық су бұлағы, «Көкарал» бөгеті, Шижаға құмды төбелері, Кердері, Арыстан баб, Бегім ана кесенесі, «Барсакелмес» қорығы енген.

«Жалпы «GeoPark Aral» жобасының ашылуы Арал өңірінің экономикасын дамытуға, жергілікті халықтың әлауқаты мен экологиялық жағдайды жақсартуға, өңірге туристерді тартуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға көп мүмкіндік береді. Осы бағытта былтыр мамыр айында Арал қаласында ЮНЕСКО-ның жаһандық геопаркі мәртебесін алу жолында негізгі критерийлерінің бірі болып табылатын «GeoPark Aral» аймақтың өсу нүктесі: геомұрадан тұрақты болашаққа» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылды. Шараға Қазақстанның ЮНЕСКО және ИСЕКО істері жөніндегі ұлттық комиссияның Бас хатшысы, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңсесі, ХАҚҚ Атқарушы комитетінің өкілдері (Қазақстан, Өзбекстан), геологиялық мұра және орнықты даму саласындағы сарапшылар (Венгрия, Германия, Қырғызстан, Қазақстан), ЮНЕСКО Жаһандық геопарктерінің сарапшылары, Янгантау геопаркі (Ресей), Кула Салихли геопаркі өкілдері (Түркия) қатысты» деп жазады облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы.

Жалпы елге келетін туристердің көпшілігі мәдени-танымдық және табиғи бағыттарды таңдайтыны рас. Қазір Президент тапсырмасымен осы саланы жаңғыртуға, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жаһандық экономикаға кірігуге бағытталған жүйелі шараларды жүзеге асыру қолға алынды. Десек те біз айтқан туризмнің бұл саласына («қара туризм») бетбұрыс толық жасалмаған. Ал жалпы туризм саласының әлі де дами түспегіне өңірдегі инвестиция һәм инфрақұрылым мүмкіндіктері тың жол ашады деп білеміз.

**Ержан ҚОЖАС,**
**«Сыр бойы»**

1-бет



# ДОСТЫҚҚА АДАЛ ЖАН ЕДІ



Өткен жылдың қараша айының соңында Жөкең, Жолдасбек аға Астанаға, курстасы маған екі-үш мәрте хабарласты. Әдеттегі дағдысындай тек амандық-саулық сұрасқанмен шектелмей, елге Қызылордаға қашан келесің деген сауалын жиірек қайталады. Сол уағдаласқан уақытпен желтоқсанның екінші күнінде Жөкеңе хабарласып, міне ұшақтан түсіп дария бойындағы жағалау жолмен қалаға кіріп келемін, дайын отырыңыз, үйден алып кетемін деп сөйлеп жатырмын. Дауысынан қуаныш лебі байқалып тұр. «Жарайсың» деген сөзі құлаққа жағымды естіледі. Есік алдында Қалима екеуі қатар тұр екен. Қолында газет-журнал қиындылары бар, орама қалта. Астаналыққа дайындаған тамақ, ас-суға да ғафу өтініп, жүр-жүрмен жүріп кеттік.

Екі сағаттай қаланың оң да сол жағалауын көлікпен асықпай араладық. Тіптен теміржолдың күншығыс жағындағы туып-өскен Шанхай, Коммунизм, КБИ, Титов, Гагарин аумағын жүріп өттік. Әсіресе әке-шешесінің рухы қалған Қазақстан көшесімен өткенімізде өзгеше бір сезімде болды. Ғ.Мұратбаев атындағы Орталық стадион жанындағы ғимараттың төртінші қабатынан Абай – Бөкейхан көшесіне қарай Жөкең көзін тіктеп тесіле қарады.

«Анау медициналық диагностика жанындағы облыстық газеттердің баяғы ғимараты ғой. Қалай ыстық көрінеді десеңізші. 1983 жылы университетті бітіріп келісімен облыстық газетке корректор болып орналастым. Аттарына ел-жұрт қанық, ақын-жазушы, журналист, қаламгер ағалар жандарына жайғасып, әңгіме-естеліктерін тыңдаудың өзі бір ғанибет.

Нұрділда Уәлиев, Шора Ералиев, Қомшабай Сүйеніш, Сейіл Боранбаев, Әскербек Рахымбекұлы, Жақсылық Рахматулла, Әділхан Бәйменов, Дархан Сапаров, Үсен Әбшеновтей ағалардан үйренгеніме, оларға шәкірт болғанымды бүгін көз алдыма келтіріп отырмын. Қазір ол кісілер туралы тек өткен шақта естелікпен ғана сөйлейтін болдық», – деді.

Осы арасы маған ауыр батады. Осыны айтқанда ағаның маңдайында қаяу әжімдері пайда болды. Үнсіз біраз уақыт отырды.

Тарих, әдебиетке құнды дүниелерді Ғұмар Қараш, Мәншүк, Димаш сияқты зерттеу еңбектерімен белгілі курстасым Мақсат Тәж-Мұраттың қазасы маған қатты батты. Бергенінен берері көп қаламгер еді ғой. Ғұмыры қысқа, болды. Бірге оқыған Темір Хұсайыновты да Мақсат Ізімовті де, Мұратбек Дүйсенбаевты да, Талғат Ормановты да қиналыспен еске аламын. Ол сәтте бұл кісінің жан толғанысына онша мән бермеппін.

Бұрыныракта да мұндай сезімдерін, сөздерін көрсете де, естірте де бермейтін. Бөлмені тікесінен кесіп өтіп дария жаққа, қаланың сол жағалауына қараған терезе жанына келіп, ұзақ тесіле қарады.

«Сенің айтатының бар еді ғой. Бір кездері Қызылорда мен Атырау бір деңгейдегі қалалар қатарына жататын. Американың Шеврон, Италияның Аджип, тағы көптеген мұнай, газ компанияларының қолдауымен Атырау көрікті қалаға айналды. Көр де тұр, Қызылордамыз да осы даму қарқынымен Атыраудан аспаса, одан кем болмайды», – деді ендігі сөзінде.

Тоқ, мейірленген көңілденген көзбен Жөкең маған қарап тұр екен.

ҚазМУ-да 50 ұл-қыз қатар оқыдық. Оның 25-і мектептен соң, жұмыс істеп, әскер қатарынан оралғандар. Қазақтың біртуар, талантты ақыны, Алаш әдеби сыйлығының иегері, ақтөбелік Ертай Ашықбаев екеуі жұбы жазылмай қатар оқыды, жатақханада тұрды. Ол Ақтөбесіне, Жолдасбек аға Қызылордасына оралды.

Баспасөздің пәрмені ол кезеңде бөлек еді ғой. Фельетон, сын мақала шықса кейіпкері кім болса, ол болсын, жазасыз қалмайтын. Мұны жазған да, жазылатын адам да жақсы түсінді. Сондықтан да қызметкер тура жүріп, таза жұмыс жасауға, адал болуға өзін-өзі үндейтін.

Жолдасбек Әлмаханұлы талдау, сараптау материалдары экономикалық есеп-қисаппен, логикамен өріліп отыратын. Бірнеше ондаған жылдарға созылған осы бағыттағы жазу өнері оқырманның көзайымына, жоғары ілтипатқа ие болды. Ешкімге тіс жармаған, қызметтік өмірімде болған еді деп бір жайтты тілге тиек етті. Үлкен басшы газет жетекшісіне тапсырма береді. Әрине, бұлтартпас деректермен, орынды ой-дәйекпен жарияланатын сын мақала керек. Әрі-бері қашыртқаныма жетекші көнбеді. Сол тапсырмамен, облыстың бір ауданына баруға тура келді. Өтірік көлгірсіп не істеймін. «...Сізден ауданның жұмысын сынауға келдім, сондай тапсырма бар» деп төтесіне көштім. Маған мынадай-мынадай мәліметтер керек дедім. Алынды, кешкілік Қызылордаға пойызбен қайттым. Тәулік ішінде сын мақаланы жетекшімнің столына қойдым. Мақала шықты. Енді ол қызметінен, ауданынан кететін шығар дедік бәріміз. Жо-жоқ, тапсырма ишарасын орындаған болып шығыппыз...

Осыны айтып Жолдасбек аға қынжылыс жасағандай кейіп танытты. Кімге арналғандығын сезіп тұрмын. Жөкеңді жан дүниеммен түсініп, сезініп тұрмын. Мінезіміздің кейбір иірімдері ұқсас.

«Бетегеден биік, жусаннан аласа болғың келмейді», «Турасын айтып, туғаныма да жақпаймын». Осындай ой-ұшқынын айтып отырғанда селк еттім. Менде де сондай қылаң пікірлердің бойымды мазалайтыны айдан анық.

Жолдасбек аға перзенттері туралы, олардың қамқорлықтары жайында шешіле әңгімеледі.

– Қызымның орны бөлек. Шіркін өз жұртынан да, барған ортасынан да уақыт таба «...папа, жаныңа не қажет, айтшы» деп қиылып тұрады.

Мен де әңгімеге қосылып қоямын.

– Ұлың Еркін де қамқор бала ғой. 1998 жылы осы қалаға алғаш көшіп келгенде «Шұғыла» шағын ауданында бір үйде тұрғанымыз есіңізде ме? Сонда Еркін келіп «...аға автомашинаңыз «митсубиси галантыңызды» біздің автотұраққа қойыңыз, іші жылы» дегенде жүрегім жарылардай қуанғаным есімде. Ата-анасына ұқсаған ұрпақ осылай болу керек қой, деп сүйсіндім.

Келесі жылы, яғни 2026-да 70 жасқа толатынын, соған естелік кітап жазуды қолға алғанын, қазір Ә.Тәжібаев кітапханасына жиі барып жүргенін, сыныптас қыздарынан мектептің бастауыш кезінде бірге оқығандарын түгендеп жүргенін, анасы жайлы көзкөргендердің бәрі өмірден озса да, естелік айтатын кейуана кісілерді іздеп жүргенін асықпай, баппен қоңыр дауыспен әңгімелеп жатты. Көптеген бұрын айтылмаған жайттардың тиегін ағытты. Құрмет тұтатын, бойын түзейтін бірқатар қайраткер, қарапайым ағалардың есімдерін аса бір ерекше ілтипатпен түгендеді.

Ұлы Еркіннің жеңіл көлігімен үйіне оралды. Тың, қунақ, ойы сергек сәтімен көз алдымда қалды. Ертеңінде таңертең қалта телефоным ұзаақ шырылдады.

Сыр елінің айтулы азаматы, республикаға танымал қаламгер, тұлға, Қазақстанның құрметті журналисі, курстасым Жолдасбек Ақсақаловтың жүрек соғысы мәңгілікке тоқтапты. Бүрсікүнгі әңгіме-дүкеніміз ағамыздың бой жазуы екенін енді білдім.

Ұрпақтарының, жерлестерінің жүректері дүрсілдеп соғып тұрғанда, Жөке, Жолдасбек Әлмаханұлы, сіздің есіміңіз ешқашан ұмытылмақ емес!

**Өлмесхан БОЛАТБЕКОВ.**
Астана қаласы



Жолдасбек Әлмаханұлы әріптес досым еді әрі бір ғасырлық құдандалығымыз тағы бар. Бір ауылда өспесек те, адамгершілігі, парасаттылығы мен пайымы, түсінік-түйсігі арқылы жақын болып кеттік. Жақын болғанымыз соншалықты арадағы сыйластығымыз сырластыққа айналып, қимас достыққа ұласты. Облыстық аға басылым «Сыр бойы» газетінде табан аудармай 43 жыл қызмет етті. Зейнеткерліктен кейін 3 жыл жұмыс жасады. Жастарға ұстаз, әріптес іні-қарындастарына ақылшы аға бола білді. Журналистік жолда өсті, жетілді, елге танылды. Сол Жолдасбек досым өткен жылы 4 желтоқсанда таңертең аяқастынан мына фәни дүниені тастап, бақилықтың мәңгілік мекеніне аттанып кетті. Содан бері арада 40 күн өтіпті. Күтсең өтпейтін, қусаң жеткізбейтін зырғып аққан уақыт-ай, десеңші. Бәрі де ойламаған жерден, ғапыл өлім болды...

# ӨМІР ӨТТІ-АУ ЗУЛАП АҒЫП...

Жалған өмірдің тіршілігі біткен бе, қалалық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Әлиев Жұмабек екеуміз бір шаруамен іргедегі Тереңөзек кентінің ішіне ене берген тұста, ұялы телефоным азанымен безілдей жөнелді. Қарасам, Жолдасбектің зайыбы Қамаш екен. Анда-санда Жөкең де әйелінің телефонымен қоңырау шалатын еді.



Жолдасбектің өзі шығар дедім. Көңілімде артық ой жоқ, сол баяғыша: «Ия, Жолдасбек қалайсың, айта бер!» деп құлақ түрдім. Бір кезде Қамаш: «Кенжалы-ау, Жолдасбек досыңнан айырылып қалдым ғой» деп еңіреп қоя берді. «Не дейсің?» деп, біреу үстімнен мұздай су құйып жібергендей, денем қалтырап, солақ екен көзімнен ыстық жас ыршып кетті. Тоқтамай барады. Неткен ауыр еді. Құлағым нені естіді, көңіл құрғыр сенер емес. Бірақ амал нешік, жалғаны жоқ шындық еді. Жұмабек інім бірден көлігін тоқтатып, «Жайшылық па, екен» деп бетіме қарады. Аузым бармаса да «Жолдасбек қайтыс болыпты» дедім. Ол да дереу көңілқосын білдіріп, көлік басын кері бұрды. «Сыр медиа» басшысы Марат Аралбаевқа шығып, болған жайды жеткіздім.

...Ішкі дүниемнің астаң-кестеңі шықты. Ішім удай ашып барады. «Кеше ғана сөйлесіп едік қой, бұл қалай болғаны?» деп қоям. Жалған өмір-ай! Келе жатып бұлт басып түнерген аспанға қарадым. Қыстың сұрғылт тартқан аспанына іштей мұң шағып келемін. Сан сауалдың жауабын таппай ойым сенделе түседі. Қапсырып алған ой құрсауы түбіне жеткізер емес. Қайта, құрғыр тереңіне тарта түскендей. Сан-сапалақ сапырылысқан ойлар әр түрлі қиялды қозғай түседі. Өзімше шексіз сауалға пайым жасаған болам. Жолдасбек жайлы толғанып, тағдыр жайлы ойланып келем.

Кеше ғана сөйлескенімде 70 жасына орай облыстық кітапханада шығармашылығы мен сараптамалық материалдары төңірегінде ғылыми конференция өткізетінін айтқан-ды. Сонан соң кеш соңын ұлан-асыр тойға ұластырмақшы еді. Осының бәрін жүргізуді қаламдас ақын інісі Дүйсенбекке тапсырмақ болған. Тағы бір әріптес інісі, Алаш сыйлығының иегері, арқалы ақын Елубай Әуезовке «Сен сөйлейсің» деген-ді. Студенттік жылдардағы курстасы, елге танымал азамат, қоғам қайраткері Өлмесхан Болатбеков екеуі кездесіп, жан-жақты сыр тарқатқан сәттерін қуана жеткізген-ді. Қызылорда жайлы тарихи кітап жазуға деректер жинап жүргенін де ортаға салған-ды. Өйткені Жолдасбек қала жанындағы Абай ауылында дүниеге келген. Шанхай аймағындағы қала мектебіне барып, онжылдықты бітірген.

Енді міне, әй, алдамшы өмір-ай! Сен де Жолдасбек досымнан жалт бұрылып кеттің бе? Бір күні менен де күрт бұрыларың белгілі ғой. Әй, тұрағы жоқ тұрлаусыз өмір-ай! Сенің сондай екеніңді барлық пенде білгенмен, өздерін-өздері алдаусыратып, ертеңгі күнге жақсы үмітпен қарап өмір сүретініміз анық.

Жолдастыққа таптырмайтын
азамат,
Сыйласуға жаны жайсаң
ғажап-ақ.
Құрдастыққа келген кезде
баладай,
Оның көңілі болатұғын таза бақ.
Ағып түстің жұлдыздай-ақ
көктегі,
Арманына, мақсатына жетпеді.
Сен кеткелі күн қабағын ашпады,
Сені жоқтап аспан тұр-ау өйткені.

Ертеңіне сені мәңгі сапарға шығарып салуға келген халықтың нөпірі қалың болды. Қаралы жиынға жиналған жұрттың еңселері езіліп тұрды. Көп алдында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың отбасына, көпшілікке арнаған көңіл білдіру лебізі оқылды. Содан соң сөз алған азаматтар Жолдасбектің адал еңбегі мен мінсіз қызметі туралы айтты. Сыр журналистикасының дамуы мен өркендеуіне қосқан зор үлесін атап өтті. Қаралы жиын аяқталысымен жаназа өтіп, ақтық сапарға қимай шығарып салды. Бақұл бол, әріптес деп қаламдастары қинала іштей қоштасты.

Осы кезде айтыскер ақын Есенқұл Жақыпбектің:

«Көк шыққанға бір қуанып,
Шөп шыққанға бір қуанып,
Өмір өтті-ау зырғып ағып, зырғып ағып» деген өлең жолдары еске түсіп, әр нәрсенің жақсылығына балаша қуанып, өсер ұрпақты бағып-қағып алданып жүргенде, өмірдің осылай адамнан жылыстап кете баратынын сезіндім. Сезіндім де, өкіндім. Өкінгенім, Жолдасбек 2026 жылға аман-есен жеткенде, ақ желеңді 70 жасын тойлайтын еді. Жетсем деген арманы орындалмады, пенденің емес, Алланың дегені болды. Жалпы өлім жайлы ешкім де жақсы сөз айтқан емес. Адамдар оған Алланың, тағдырдың жазуы деп қараған. Міне, Алланың жазуы осылай болды...

Жолдасбектің жаны өте нәзік болатын. Адам жанын қисынсыз сөзбен жараламайтын. Өтірік айтқанға жаны қас еді. Кейбіреулердей қосып та, есіп те, бөсіп те айтпайтын. Айтар сөзін тура жеткізетін. Артына кек, реніш сақтамайтын жаны таза еді. Бір айтқан сөзін екінші рет қайталамайтын ер жігітке тән мәрт еді. Түсінігі зор-тұғын. «Сыр бойында» жүріп қаншама басшылармен қызметтес болды. Атап айтқанда, Қалқабай Әбенов, Нұрділда Уәлиұлы, Әскербек Рахымбекұлы, Жақсылық Рахматулла және Серік Пірназармен бірге тізе қоса қызмет атқарды. Өзі де бас редактор болған тұста талай жастарға жол көрсетті.

Жолдасбек өте сауатты, қаламы қарымды журналистер қатарынан еді. Әсіресе, экономика тақырыбында сараптамалық қалам тартқанда, білікті экономистердің өздері жасаған талдауларын таңғала, таңдана мойындайтын. Әсіресе, еліміз нарыққа көшкен тұста, нарықты сұраныс пен ұсыныс реттейтінін тайға таңба басқандай етіп жазғанда, облыстағы экономиканың білгір мамандары Ж.Ақсақаловқа риза болып жүрді. Сол кезеңдегі облыстың елге танымал экономист азаматтары, аға буын өкілдері Бименді Баймаханов, Камал Шөкенов, Қалқазбек Әжібеков Жолдасбекпен тікелей байланыста болып тілдесіп, ой бөлісетінін айта кеткеніміз жөн болар. Міне, бұл қаламгер шеберлігінің айқын дәлелі. Ол экономикада сандарды тізбейтін, талдап тұрып сөйлететін. Көп нәрсені тұспалдап, болжаммен оқырманға түсінікті, ұғынықты етіп жеткізетін. Міне, білімділік, біліктілік. Міне, шеберлік.

Екінші қыры саясатқа да қорықпай қалам тербейтін. Сталиннен бастап, Горбачевқа дейінгі жазған кітабын алып оқысаңыз оның саяси сауаттылығына таңғаласыз. Кремльдегі бақталастық пен тақ таласын оқып білгенде, еріксіз жағаңызды ұстайсыз. Қазақтың мықты жазушысы Әзілхан Нұршайықов «Журналистер – көреген халық. Аспандағы бүркіт жердегі қыбырлаған құмырсқаны көрсе, журналистер жұрт жүрегінің әр лүпілін сезеді де, жарыққа шығарып жария етеді» деген еді. Міне, Жолдасбектің экономиканы да, саясатты да көрегендігімен жаза білетіні оқырмандарын қызықтыратын. Оның жазған материалдары мен кітаптары сонысымен құнды. Жолдасбектің үшінші қырын айтар болсақ, ол тәжірибесі мол тәржімашы болатын. Сондықтан болар, Кремль төңірегіндегі тайталасты орысша оқып, оны өз түсінігімен жазып шығуы үлкен шеберлік еді. Жөкеңнің бұл еңбегі бүгінгі ұрпаққа ой салып, келешекте қоғам мұрасына айналары бек мүмкін.



Алда Жолдасбек Ақсақалов жайлы талай жақсы дүниелер жазылары анық. Оны уақыт еншісіне қалдырдық.

Құрдасымның жаны жәннаттан болып, Алланың нұрына бөленіп, Пайғамбарымыздың шапағатына кенеліп, топырағы торқа болсын дейміз! Отының басына аманшылық, есендік тілейміз!

**Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі, «Сыр медиа» ЖШС жанындағы ардагерлер ұйымының төрағасы**




# ЖАСЫЛ ӘЛЕМНІҢ *жанашыры*

Өмір жолы бұралаң, адам тағдыры әркилы. Жаңақорған ауданының Қожакент ауылында дүниеге келіп, мектепте үздік оқып жүрген бала Сардарбек әуелі ұшқыш, сонсоң дәрігер болуды армандапты. Биологияны таңдау тіпті қаперіне кірмеген. Алматыға оқу іздеп барған сәтінде ауруханада жатқан Сұлтанбек деген ағасының бірауыз ақылына ұйып, Қазақ ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетіне құжат тапсырады. Сәтін салып, студент қатарына ілігеді. Білімге құштарлығын, сабаққа алғырлығын мұғалімдері тез аңғарады. Әсіресе, фитопатология пәнінен дәріс берген биология ғылымдарының докторы, профессор Бердіқұл Қалымбетов ағайының назары оған ерекше ауады. Бұл ұстазы – өзі секілді Сыр бойының тумасы екен. Ол – қазақстандық микология мектебінің негізін салған ғалым, яғни саңырауқұлақтарды зерттейтін академиялық саланың ұлтымыздан шыққан тұңғыш маманы. Қазір жануарлар дүниесімен бірлікте қарастырылатын бұл өсімдіктің бұрын ғылымға беймәлім болған 100-ге таяу түрін ашқан. Міне, сол ардақты ұстазы салған сара соқпақпен жүріп, іргелі ісін абыроймен жалғастыру Сардарбек Әбиевтің маңдайына жазылыпты. Әуелі шәкірт ретінде оңтүстіктің суармалы аймақтарында өсетін қант қызылшасының ауруларын зерттеп, диплом жұмысын қорғады. Содан соң туған жеріне оралып, бас агроном болып жұмысқа кіріскен. Кім білсін, егер ұстазының ықпалымен, өзінің ғылымға ынтызарлығымен аспирантура табалдырығынан аттамағанда, әрі қарайғы тіршілік сүрлеуі басқа арнамен кетер ме еді... Сөйтіп бетбұрысты сәт ғылымның пайдасына шешілді.

Зерделі де зерек жас ғалым ұстазының ұсынысы бойынша еліміздегі табиғи және мәдени өсімдіктерді зақымдайтын тат саңырауқұлақтарын зерттеумен айналысты. Аспирантураны бітірген бойда сол тақырып бойынша кандидаттық диссертациясын қорғап үлгерді. Ізінше Ғылым академиясы Ботаника институтының Бердіқұл Қалымбетов құрып, басшылық еткен «Споралы өсімдіктер биологиясы» зертханасына аға лаборант болып орналасты. Кейін жаңадан ашылған «Эксперименттік микология» зертханасының меңгерушілігіне тағайындалып, осы бағыттағы тұңғыш ғылыми мектепті қалыптастырды. Бұл зертхананың нысандары – балдырлар, саңырауқұлақтар, қыналар болатын. Іскер ғалым бөлімшенің жұмысын жан-жақты жандандырып қана қоймай, өзі де «Қазақстанның астық тұқымдас дақылдарының тат саңырауқұлақтары» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғап шықты. Бала қиялындағыдай адам дәрігері болмаса да, «өсімдік дәрігері» атанатын дәрежеге жетті. Мысалы, өзі әбден зерттеген бидай дақылының құрамындағы белок – 20, ал саңырауқұлақ 30 пайызға жетеді екен. «Астық тұқымдастарын ауруға ұшыратып, зақым келтіретін паразиттердің қатарына ең алдымен осы тат саңырауқұлақтары жатады. Бұлар бидай өнімінің 20-30 пайызын жойып жібереді. Бидай – бүкіл адамзат баласының басты қорегі. Егетін дақылымыздың сапасын үнемі арттырып отырмасақ, ауыл шаруашылығы саласынан мол өнім күту мүмкін емес. Жер бетіндегі барлық тірі организм табиғи ортадағы өзгерістерге бейімделу үдерісінде болады. Неғұрлым жылдам бейімделген түрлер жақсы дамып, көбейеді, таралады. Керісінше, бейімделе алмаған түрлер бірте-бірте азайып, жойылып кету қаупіне ұшырайды. Сондықтан бағалы деп танылған бидай сұрыптары сол аймақта кең таралған ауру түрлеріне төзімділік тұрғысынан арнайы сынақтан өтуі тиіс», – дейді ғалым. Оның көптеген зерттеу нәтижелері өсімдікті қорғау мәселесіне сәйкес өндіріске енгізіліп, еліміздің ауыл шаруашылығына нақты пайдасын келтірді.

Сардарбек Әбиев тәуелсіз Қазақстанның ғылымын дамытуда мықты менеджерлігімен де танылды. 1995 жылы Алматыдағы Ботаника ғылыми-зерттеу институты мен еліміздің Бас ботаникалық бағы біріктіріліп, сол уақыттағы Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ботаника және фитоинтродукция институты болып құрылды. Тәжірибелі ғалым сол мекеменің басшылығына тағайындалып, қарымды қайраткерлігінің арқасында он жыл бойы тізгінін ұстады. Бұл ғылымның күйі тайған аса бір қиын жылдар еді. Басқалар секілді, биолог мамандардың да көбі күнкөріс соңында басқа кәсіппен айналысып, тиын-тебен іздеп кеткен. Міне, сол қиын-қыстау шақта жауапкершілікті мойнына алған салмақты да салиқалы директор ботаника, микология, фитоинтродукция саласында көптеген ірі жобаларды іске асыра білді. Бірқатар ғылыми-зерттеу бағдарламаларын түзді. Республикадағы өсімдіктер дүниесінің жағдайы сараланып, бүкіләлемдік биоалуантүрлілікті сақтау талаптарына сәйкестендірілді. Табиғи өсімдіктердің аймақтық мәлімет қоры түгенделіп, экологиялық картасы жасалды. Сөйтіп институт еліміздің халық шаруашылығын өзекті қолданбалы ғылым жетістіктерімен және табиғатты қорғау технологияларымен қамтамасыз ететін ботаника саласындағы жетекші орнын айқындады.

Бұған қоса, Сардарбек Әбиевтің тағы бір ерен еңбегі – Астана төріндегі Ботаникалық бақтың ашылуына бастамашы болғандығы. Ол бұл мәселені тоқсаныншы жылдары, егемендіктің елең-алаңында көтерген еді. Өйткені әлемнің отызға жуық еліне табаны тиген ол қай өркениетті мемлекеттің бас қаласына барса да, міндетті түрде ботаникалық бақ болатынын көрді. Сондай-ақ солтүстік өңірдің табиғи-климаттық және топырақ ерекшеліктеріне лайық келетін әлемдік флора түрлерін іріктеп әкеп жерсіндіру, яғни интродукциялау мақсатын жүзеге асыру аса қажет деп ойлады. Өсімдіктер дүниесін сақтауда, оның тұқымдық қорын молайтуда, халыққа экологиялық білім беруде ботаникалық бақтардың маңызы өте зор. Бұл ретте тиісті құзырлы ұйымдарға хат жазды, табалдырықтарын тоздырды, тіпті олардың басшыларын ертіп апарып, елорда аумағындағы сәйкес орындарды көрсетті. Данышпан Абай: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» дейді ғой. Ұзаққа созылған талпыныстан соң, ұстазының идеясын шәкірті – кезінде өзі басқарған институттың қазіргі директоры, биология ғылымдарының докторы Гүлнар Тоқбергенқызы Ситпаева жүзеге асырғанын мақтаныш тұтады.

Сардарбек Әбиев табиғатты, оның ішінде өсімдіктер дүниесін қорғау ұлттық деңгейде жолға қойылу үшін экологиялық тәрбие беруді балабақшада, бастауыш сыныпта міндетті пән ретінде жүргізген жөн деп санайды. Ғалымның айтуынша, бір түрдің сол түр болып қалыптасуы үшін табиғат миллиондаған жылдар бойы әрекет етеді, ал оны табиғаттан жойып жіберуге адамның бар болғаны ондаған жылдар ішінде жасаған ойсыз тірлігі жетіп жатыр. Мысалы, Қазақстанда өсімдіктерге арналған «Қызыл кітаптың» екі басылымы жарық көріпті. 1982 жылы шыққан алғашқы кітапқа жойылу қаупі төнген 303 өсімдік түрі кірсе, 2014 жылы жарық көрген екіншісіне 387 түр енгізіліпті. Яғни бар болғаны 30 жылдай уақыт ішінде жойылу қаупі төнген өсімдік түрлерінің саны сексен төртке артқан. Жасыл әлемнің жоқшысына айналған ғалым осының бәріне шын алаңдайды.

Сардарбек Әбиев – нағыз ұстаз, кәнігі тәлімгер. Жоғары оқу орындарында жарты ғасырдан астам уақыт бойы дәріс оқып келеді. 2005 жылдан бастап Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Биология және экология» кафедрасын, содан соң «Биология және биотехнология» кафедрасын басқарды. Қазір осы оқу ордасының биология және геномика кафедрасының профессоры. Өзінің бекзат болмысымен, кісілік келбетімен, қазақы қасиетімен үлкен-кішінің құрметіне бөленген. Ол студенттерге арнап «Заманауи микология» және «Фитопатология» атты құнды оқулықтар жазған. Республиканың және алыс-жақын шетелдердің ғылыми басылымдарында 250-ге жуық мақаласы жарық көрген. Жалпы саны 24 ғылым докторы мен ғылым кандидаттарын, PhD әзірледі. Қазір 5 докторанты ғылыми жұмысын қорғау үшін дайындық үстінде. Оның Ұлдай Жетігенова, Сәтбай Нұрашов, Ләззат Қызметова, т.б. шәкірттері ғылымдағы өзінің жолын қуып, жоғары жетістіктерге жетті.

Сардарбек Әбиев бірқатар Еуропа, Азия, Африка, Америка елдеріне ұйымдастырылған ғылыми экспедициялардың құрамында болған. Қазақстанда оның табаны тимеген түкпір жоқ шығар. Сөйтіп жүріп, ол қолы қалт етсе, жанындай жақсы көретін туған өлкесі – Сыр бойына тартып отырады. Өйткені оған бұл өңірдің топырағы, әр бұта, тал, өсімдігі, әлбетте, адамдары ерекше ыстық.

**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,**
**«Сыр бойы»**

МЕРЕЙ

# ТАҒДЫР ЖЕҢІМПАЗЫ



Біздің кейіпкеріміз Нұрмұрат Ерманов кезінде облыстық мәслихаттың төрт дүркін депутаты болды, жоғары білімді инженер-заңгер. Атқаратын қоғамдық жұмысы бір басына жетерлік. «Барыс», «Құрмет» орденінің иегері. «Бабас» ЖШС-ның төрағасы.

Бүгінгі әңгімеде осы азаматтың өмір жолынан білетінімізді оқырманға жеткізуді парыз тұттық.

Әлгі әзірде туған ауылы «Жаңажолдан» оралған беті екен. Тағдырдың тауқыметін бастан өткізген азамат әлі құйылған қорғасындай шымыр. Бабалары жатқан «Бабас» зиратына барып, дұға оқып қайтқанын әңгімелеп отырды. Орда бұзар отыз жасында көлік апатына ұшырап, оң қолынан айрылды. «Шүкір, қуаттымын. Қайратым, бабалар аруағы әрдайым қуат берді. Сүйікті жарым Қалимаш жігерімді қайрап, сүйеу болды. Екі ұл, екі қыз өсіріп, немере-шөберелердің қызығын көрудемін. Осылар маған қуат беріп, шуақ шашып келеді» деп өткен күндерін еске алып отырады.

Сол кезде алып тұлғалы азамат ауруханада ұзақ жатты. Оң қолы иықтан бастап жарамсыз болып қалды. Отбасына оралды. Бірер ай үйде жатты, аулада серуендеді, есік алдындағы орындыққа отырып, ой шырмауына түсті. Осындай қиын күндерді басынан өткерген азаматты мойнына мейірлене асылатын Алматы мен Қайыржаны жігерлендірді. Сол сәттерде Нұрмұрат қырандай самғап ұшатын қуатты бойына жинағандай болады.

Сүйікті жары Қалимаш азамат бойындағы қажыған қайратына демеу беріп, әлсін-әлсін жігерін қайрап отырды.

– Орныңнын тұр, Нұрмұрат! Жастық қайратыңды бойға жина. Базарға шығып, тіршілік етейік...

– Базарға дейсің бе, Қалимаш? Не істемекпіз. Бұл тірлік қолдан келе ме?

– Көкөніс сатамыз, қауын-қарбызды көтере арзанына алып өткізейік, қор жинаймыз. Пайғамбарымыз тіршілікті саудадан бастап, бағы жанған емес пе? Көтер басыңды, жігеріңді қайра!

Сонымен ерлі-зайыпты екеу базарға шықты. Бірер жыл болмай жатып, біраз пұлдың қоры жиналғандай болды. Нұрмұрат жалға бір үй алып, есік, терезе жасайтын цех, ал Қалимаш «Торғын» атты тігін шеберханасын ашып, дөңгеленте бастады.

Қазір сол бір күндер артта қалды. Нұрмұрат «Бабас» атты жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің төрағасы. Қаладағы үлкен ғимаратты мұнтаздай жөндеп, сан алуан кәсіптің көзін ашты. Оны айтасыз, көп ұзамай қала іргесінде жылқы, түйе асырайтын қожалықтың іргесін қалады. «Бабастың» адамдары сонау Қармақшының «Жаңажол» ауылынан жер алып, біраз жыл күріш өсірді, 20-ға жуық адамның еңбек етуіне жол ашқаны бар. Қала орталығында және базары жұмыс істейді.

Қайсар жүректі азамат Нұрмұрат Ермановтың еңбегін бағалаған жұрт оны кезінде төрт дүркін облыстық мәслихаттың депутаттығына сайлады. Жұрт аманатын орындады. Қала көшелерін, туған ауылындағы мектеп пен балабақшаларды жөндетуге қаржы бөлуге ықпал етіп, жұртшылық игілігіне қызмет етті. Қала іргесіндегі Маханбетов ауылынан амбулатория ашуға, оны іске қосуға көп күш-жігер жұмсағанын ауылдастар жиі әңгімелейді. Жоқ-жұқа жандарға, студенттерге, мүгедектердің жұмысқа орналасуына қаржылай көмек бергенін тізбелеп айтқысы жоқ екенін байқатты.

Бір сәт Нұрмұрат одан әрі өткен күндерден әңгіме қозғап, бізді еріксіз тыңдауға мәжбүр етті.

– Өмір шіркін, адамға тақтайдай тегіс күйінде кездеспейді. Әлгі әзірде 1979 жылы көлік апатына ұшырап, талай кәсіптің басын ұстауға тура келгенін айттым ғой. Бірер әңгіме ұмыт қалып барады екенмін, соны ойға оралтайын. Осы күнгі «Бабас» ғимаратының төменгі қабатын ағаш өңдеп, есік-терезе жасайтын цех етіп аштық. Талай еңбеккердің жұмысқа орналасуына мүмкіндік жасаған сәттер естен кетпейді.

– Әңгіме қыза түскендей болды. Алматыға оқу іздеп барған сәттеріңізді тағы бір еске алып жіберсеңіз?

– Бәрі есімде. Мына Қармақшы ауданының «Жаңажол» ауылындағы №107 мектепті 32 бала бітірдік. Ауылдан оқуға аттанған балалардың көбісі конкурстан өте алмай қалды. Алматы ауылшаруашылық институтының механика факультетіне түсу үшін бір орынға 12 бала таластық. Емтихан қорытындысында «Ерманов Нұрмұрат кім?» деген дауыс шықты. Байқаймын, институт ректоры екен.

– Мен деп орнымнан тұрдым.

– Ерманов математика жазбашасынан «5», ауызша физикадан «4» деген баға алдың. Студент болып қабылдандың, – деп ректор бұйрықты оқып, қолымды қысты.

Содан диплом алып, жолдамамен Қармақшыға келдім. Аудандық агропромға орналастым. Бірер жылдан соң «Жаңақала» кеңшарына бас инженер болып, нағыз еңбекте шынығу мектебінен өттім. Одан кейін Қызылорда ағаш өңдеу зауытына конкурс арқылы келіп бас инженер, кейін зауыт директоры қызметін атқардым.

– Ата-аналарыңыз туралы айтсаңыз...

– Бұл ұзақ әңгіме. Қысқарта айтайын. Әкем Наят 10 ағайынды, мен сегіз ағайындымын. Әкем асыра сілтеудің дәуірлеп тұрған заманында «халық жауының» қызына үйлендің деген айыппен он жылға сотталып, кейін 1954 жылы елге оралды. 82 жыл ғұмыр кешті. Анам Әбила 11 бала өсіріп, 80 жасында пәни дүниеге аттанды. Ұлдың үлкені менмін...

Ол осылай бір сәт өткен күндерді еске алып, ой елегінен өткізіп отыр. Жүзі жайдары. Ұшқыр шетелдік көлігімен талай жерді шарлап қайтты. Лондон, Дубайда болғанын жыр етіп айтады. Өскен, өнген отбасы. Ұлы Алмат судья, Қайыржан дипломат, Торғын, Гүлжанат бір отбасының қамқоршысы.

– Ұзақ жасаңыз, ұрпақ қызығын көре беріңіз! – деген тілекпен біз де жиналдық.

– Үлкен рахмет! – деп азамат бас изеп, арнайы ат басын бұрып келгенімізге шынайы пейіл байқатты.

**Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,**
**Қазақстанның құрметті журналисі**

# ТЕМІРЖОЛ АУРУХАНАСЫНА ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП ОРНАТҚАН

XX ғасырдың басында II Николай патша «Орынбор-Ташкент» теміржолын салу туралы жарлық шығарғаны тарихтан белгілі. Көп ұзамай Орынбор мен Ташкент арасында станциялар, разъездер, ірі көпірлер салу жоспары бекітілді.

Осыған байланысты Перовскіде станция, вокзал, депо, вагон жөндеу бөлімшесі, азық-түлік, жүк қоймалары, паравоздарға су құятын қойма, Сырдариядан су айдайтын станция, теміржолшыларға тұрғын үйлер, әкімшілік үйлер, т.б. салынды.

Жол салынған соң, оның бойындағы станциялар мен разъездердегі, әсіресе ірі станциялардағы халық саны еселеп өсті. Кейбір деректерге қарағанда сол жылдары бұрынғы Перовск қаласының халқы 8 мың адамнан асқан екен.

Мұндайда әрине, ең бірінші қажеттіліктер қатарында аурухана болатыны сөзсіз. Перовскідегі теміржол ауруханасы 1902-1904 жылдары салынған. Алғаш 1905 жылы 16 төсектік аурухана болып іске қосылған.

Жүз жиырма жылдан астам уақыттан бергі тарихында осы аурухананы басқарғандар қатарында Әлайдар Әбдуайтов есімі ерекше аталады. Ел көңілі алаңдаулы 1942 жылдың 5 қаңтары күні өмір есігін ашқан ағамыз өзінің «Ақиқат – ар өлшемі» атты кітабында: «Біз балалық шақтың балдәурен қызығын көрмедік. Хрущевтің кезі, 4-5 кластан бастап мақта тердік» деп жазған.

Мектепті 1959 жылы бітірген соң Ақтөбе медицина институтына құжат тапсырды. Конкурс өте жоғары болды, бір орынға 7 үміткер таласты. «Институтта оқып жүрген әдепкі кезде қатты қиналдым. Өйткені орыс тілін жетік білмейтін едім» дейді ағамыз сол кезді еске алып.

Білім алу – еңбек, ол үшін әрине, табандылық керек. Бұл жастайынан дәрігер болуды армандаған Ә.Әбдуайтовтың бойында бар қасиет еді. Аудандық газетке шыққан хирург туралы мақаланы 8-сыныпта жүргенде оқып, өзі де осы мамандыққа бейімделген. Қолына дипломы мен жолдамасын алып, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы Софья Мақашоваға келгенде осы ойын жеткізді. «Алдымен тубдиспансерде бір жыл жұмыс істеп кел» деді басшы.



Жаңақорғанға келіп еңбек етті. Уақыты текке кеткен жоқ. Көпті көрген, көп білетін Молдахмет Бақбаев деген дәрігер кісі дәрілік шөптердің қасиетіне дейін түсіндірді. «Канон врачебной науки» деген 6 томдық кітап берді.

Межелі уақыт өткенде бөлім басшысына тағы барған. Дәрігер жетіспеушілігін алға тартып, тағы бір жыл сол орында жұмыс істеуді сұрады. Жас маманның ойы – хирургия саласына мамандану. Көп ұзамай Шиелі теміржол ауруханасына ауысты. Алматы теміржол ауруханасына біліктілік арттыруға барып, Мұхтар Әлиевтің операция жасағанын көрді. Кезекшілік күндері 4-5 бригада тікесінен тік тұрып жедел жәрдеммен әкелінген науқастарға шұғыл хирургиялық көмек жасайды екен. Осы жерде көп жаңашылдыққа үйренді.

Шиелідегі теміржол ауруханасы орталықта, ал аудандық аурухана шеткеріректе еді. Науқастар жақын жердегі теміржол ауруханасына барады. Сол себепті де дәрігерді түнде жұмысқа шақырмайтын кез өте сирек болатын.

Қызылордадағы теміржол ауруханасы бас дәрігерінің емхана ісі жөніндегі орынбасары қызметіне 1970 жылы тағайындалды. Арада үш жыл өткенде бас дәрігер болып бекіді. Қабылдап алған кезде Қазақстандағы 17 теміржол медициналық мекемесінің соңында екен. Көп жұмыс атқарып, тәртіпті, заңдылықты бірінші орынға қойды. Содан кейін Қазақ теміржолы ауруханаларының арасынан үнемі 1,2-орынды иеленіп отырды.

Ауруханада қалыптасқан санитарлық режим, қатаң тәртіп ем алушылар қатарын көбейтті. Ел ішінде Әлайдар Әбдуайтов басқаратын аурухананың атағы аспандап, беделі биіктей түсті. Осы қызметті 37 жыл мүлтіксіз атқарып, Шиелі, Жосалы, Қазалы, Сексеуіл станциясы ауруханалары, Төретам, Арал дәрігерлік амбулаториясы, сонымен бірге 29 фельдшерлік-акушерлік пункт, 5 денсаулық пунктінің жұмысын жолға қойды.

Әлайдар Әбдуайтов 1973-1975, 1989-1992 жылдары Қызылорда қалалық кеңесінің депутаты болып, қаланың теміржол мекемелері мен тұрғындар орналасқан бөлігін кеңейту, көшелерге асфальт төсеу жұмыстарына ықпал етті. Еңбек ұжымдарының және жеке адамдардың өтініш-тілектері бойынша әлеуметтік мәселелерді шешуге белсене араласты.

«Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Құрметті теміржолшы» атағын алып, «Алтын дәрігер», «Еңбек ардагері», «Біртұтас қазақ теміржолына 50 жыл» төсбелгілерімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл», «Қазақстан теміржолына – 100 жыл», «Қызылорда қаласына – 190 жыл» медальдарымен және облыс әкімінің, «Көліктік медицина қызметі» АҚ-ның, Теміржолшы ардагерлер орталық кеңесінің Құрмет грамотасымен, басқа да мекемелердің Алғыс хатымен марапатталды.

Сыр жұртшылығының денсаулығын жақсарту, медициналық қызметті дамытудағы еңбегі үшін қоғам белсенділерінің ұсынысы, көпшіліктің қолдауымен оған Қызылорда қаласының, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы атағы берілді.

Бүгінде жұбайы Ырысты Әлиакбарқызы екеуі 1 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсіріп, немере-шөбере қызығын көріп отыр.

Қазіргі таңда Қызылорда теміржол ауруханасы – құрамында емхана және тәуліктік стационары бар медициналық мекеме. Заманауи медициналық қондырғылармен жабдықталған, медициналық қызмет көрсету ісі талапқа сай аурухананың осындай биікке көтерілуіне бүгінде 85 жастың шыңына шыққан Әлайдар Әбдуайтовтың қосқан үлесі зор.

**М.МЕРЕЙ**

БРИФИНГ

# МАЛДЫҢ ЖАППАЙ ҚЫРЫЛУ ДЕРЕГІ ТІРКЕЛГЕН ЖОҚ

**Облыстық ветеринария басқармасы «Жалағаш ауданында белгісіз індеттен мал жаппай қырылып жатыр» деген ақпаратқа байланысты өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг өткізді.**

Бейнекөрсетілімде тұрғындар ірі қараларының ауызынан ақ көбік ағып, тілінің терісі сыпырылғанын, әлсіреп, тіпті төрт аяққа тұра алмай қалғанын айтқан. Алайда, ветеринарлар мұны жалған ақпарат деп жоққа шығарды.

Басқарманың мәліметіне сүйенсек, аудандық аумақтық инспекция, ветеринария станциясы мамандарынан құрылған арнайы топ мал иелеріне тиесілі аумаққа барып, жағдайға қанықты. Ауыл шаруашылығы жануарларының дерекқор базасында Жалағаш кентінің тұрғындары Ф.Бисенованың 8, Қ.Жолдыбаевтың 7 бас мүйізді ірі қарасы тіркелген. Барлығы аса қауіпті ауруларға қарсы алдын ала егілген.

– «Жаппай мал қырылып жатыр» деген ақпарат жалған. Біз тұрғындардың үйіне барып, ірі қаралардан қан сынамасын алып, лабораторияға жолдадық. Олардың айтқаны ауа райының күрт сууынан күйі төмен малда кездесетін жағдайға ұқсайды. Жем-шөптен немесе судан уланды ма, қан сынамасы арқылы соны да анықтаймыз. Шын мәнінде мал басы түгел, ешқандай ауру белгілері байқалмады, – деді басқарма басшысы Шахмардан Қойшыбаев.

Биосынамалар мен қан сарысуы арқылы күлдірік стоматит, вирустық диарея, инфекциялық ринотрахеит, аусылдың құрылымсыз ақуызы ауруларының бар-жоғы анықталады. Оның қорытындысы 7-10 күн шамасында белгілі болмақ.

– Бұл аурулардың клиникалық белгілері бір-біріне ұқсас. Ветеринар мамандар шұғыл әрекет жасап, мал иелерінің қора-жайларын залалсыздандырды, – деді Шахмардан Қойшыбаев.

Басқарма басшысы өңірде эпизоотиялық ахуал тұрақты екенін айтып, қандай да бір жағдай болса, тұрғындарды дереу ветеринария қызметіне жүгінуге шақырды.

**Назерке САНИЯЗОВА,**
**«Сыр бойы»**

## Іздеу салады

Қызылорда қаласының тұрғыны болған, 1959 жылдың 5 мамырында туылған Абжалиева Кулжахан Ниязовнаны 2016 жылдың 17 желтоқсаннан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты қызы Абжалиева Айжан Санахметовна іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2026 жылдың 6 қаңтардағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 (үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 8 708 763 25 96, 8 777 958 15 91.

## Жария шартқа өзгеріс енгізу туралы

ҚР Салық және бюджеттік төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес қосымша құн салығының 12%-дан 16%-ға өсуіне байланысты Қызылорда қаласындағы Тұрмыстық қатты қалдық әкету қызметі бойынша 26.08.2025 жылы облыстық «Сыр бойы» газетінің №129 санында ШЖҚ «Қызылорда тазалығы» КМК жарияланған жария шарттың 2.2 тармағына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

«1. Жайлы үйлерге (көпқабатты үйлер тұрғындарына) адам басына – 401,87 теңге;

2. Жайсыз үйлерге (жеке сектор тұрғындарына) адам басына – 471,04 теңге;

3. Контейнерді бір мәрте әкету бағасы – 1682,28 теңге.»

Жария шарттың қалған бөліктері өзгеріссіз қалдырылады.

## Хабарландыру

«Достық Жер МК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2026 жылдың 12 ақпанында сағат 10.00-де серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, 3-Интернационал ауылы, Қорқыт ата көшесі №1 мекенжайында өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

- «Достық Жер МК» ЖШС тарату (тарату туралы шешім қабылдау);
- «Достық» атауымен шаруа қожалығын ашу;
- Тарату комиссиясын (таратушыны) тағайындау;
- Өзге мәселелер.

Жиналысқа қатысушылардың жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс. Өкіл арқылы қатысқан жағдайда тиісті түрде рәсімделген сенімхат ұсынылуы қажет.

**«Достық Жер МК» ЖШС**
(БСН 080240010157)

«Сыр бойын» ақпараттық агенттігінен де (сайттан) оқыңыз




## Хабарландыру

«ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылдың 13 наурызы күні сағат 10.00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 мекенжайында «ҚОР» МК» АҚ Ащысай кен орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар: жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы; рұқсат етілген төгінділер нормативтерінің жобасы; қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы; өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы; табиғат қорғау іс-шаралары жоспарының жобасы; Қоршаған ортаны қорғау бөлімі.» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Кен орнының координаттары 46о17’28”с.ш; 65о55’00” в.д.; 46о11’27” с.ш; 65о54’31” в.д.; 46о08’28” с.ш;65о52’47” в.д..

Zoom конференция: Https://Us05web.Zoom.Us/J/6790674661?Pwd=Wjdbwdpxlrhhly962uejaj1llbcv60.1&Omn=82102533667

Конференция идентификаторы: 679 067 4661.

Кіру коды: 76epza.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecoportal.kz/ және жао веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8-(7242)-60 -53-62.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ nastya_seta@mail.ru электрондық поштада қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz сайтында беріледі.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ, БСН 991140000357, заңды мекенжайы: Қызылорда қ., Н. Назарбаев даңғылы, 29-ғимарат.

Жоба құрастырушы: «Би Плюс» ЖШС, БСН 050540011686, Қызылорда қ., Хон Бен до көшесі, №6 а, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: nastya_seta@mail.ru. «ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» РММ-нен 08.04.2022 ж. №02455р лицензиясы берілген.

## Объявление

АО «Нефтяная Компания «КОР» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса Республики Казахстан сообщает, что 13 марта 2026 года в 10.00 часов по адресу: Қызылординская область, Сырдарьинский район, пос. Теренозек, улица Конаева, 8 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения Ащисай АО «НК» «КОР» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), проект нормативов допустимых сбросов (НДС), Проект программы управления отходами (ПУО), Проект программы производственного экологического контроля (ПЭК), Проект плана природоохранных мероприятий (ППМ), РООС».

Координаты месторождения: 46о17’28”с.ш; 65о55’00” в.д.; 46о11’27” с.ш; 65о54’31” в.д.; 46о08’28” с.ш;65о52’47”в.д..

Zoomконференция: https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=wjdbwdpxlrhhly962uejaj1llbcv60.1&omn=82102533667

Идентификатор конференции: 679 067 4661.

Код доступа: 76epza.

Ссылка на единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: https://ecoportal.kz/ и сайт мио https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также по электронной почте: nastya_seta@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания будут проводиться в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и сайте http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Нефтяная Компания «КОР», БИН 991140000357, юридический адрес: г.Кызылорда, пр.Н.Назарбаева, здание 29.

Разработчик: ТОО «Би Плюс», БИН 050540011686, юридический адрес: г.Кызылорда, ул. Хон Бен До Дом №6а, тел.: 8-701-112-60-99, E-Mail: nastya_seta@mail.ru. Лицензия №02455р от 08.04.2022г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК».

## Хабарландыру

«ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылдың 12 ақпаны күні сағат 11.30-да Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі, 8 мекенжайында «ҚОР» МК» АҚ Бастау кен орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар: жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Кен орнының бұрыштық координаттары: 45º83′11″; 65º65′95″.

Zoom конференция:
https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=wjdbwdpxlrhhly962uejaj1llbcv60.1&omn=82444896988

Конференция идентификаторы: 679 067 4661.

Кіру коды: 76epza.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecoportal.kz/ және жао веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ nastya_seta@mail.ru электрондық поштада қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz сайтында беріледі.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «ҚОР» Мұнай Компаниясы» АҚ, БСН 991140000357, заңды мекенжайы: Қызылорда қ., Н. Назарбаев даңғылы, 29-ғимарат.

Жоба құрастырушы: «Би Плюс» ЖШС, БСН 050540011686. Қызылорда қ., Хон Бен до көшесі, №6а, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: nastya_seta@mail.ru. «ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» РММ-нен 08.04.2022 ж. №02455р лицензиясы берілген.

## Объявление

АО «Нефтяная Компания «КОР» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса Республики Казахстан сообщает, что 12 февраля 2026 года в 11.30 часов по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, пос. Теренозек, улица Конаева, 8 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения Бастау АО «НК «КОР» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Проект программы управления отходами (ПУО), Проект программы производственного экологического контроля (ПЭК), Проект плана природоохранных мероприятий (ППМ), РООС».

Угловые координаты месторождения: 45º83′11″ ; 65º65′95″.

Zoomконференция: https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=wjdbwdpxlrhhly962uejaj1llbcv60.1&omn=82444896988

Идентификатор конференции: 679 067 4661.

Код доступа: 76epza.

Ссылка на единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: https://ecoportal.kz/ и сайт мио https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также по электронной почте: nastya_seta@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания будут проводиться в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и сайте http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Нефтяная Компания «КОР», БИН 991140000357, юридический адрес: г.Кызылорда, пр.Н.Назарбаева, здание 29.

Разработчик: ТОО «Би Плюс», БИН 050540011686, юридический адрес: г.Кызылорда, ул. Хон Бен До, дом №6а, тел.: 8-701-112-60-99,e-mail: nastya_seta@mail.ru. Лицензия №02455р от 08.04.2022 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК».

## Хабарландыру

«Seven Rivers Technologies» ЖШС 20.02.2026 ж. сағат 15:00-де мына мекенжайда өтеді: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі 12, «Бастау» бизнес-орталығы, 2-қабат, 40 адамға арналған конференц-залында, «Қызылорда облысында «Қатты тұрмыстық қалдықтарды шыны сынықтары түрінде қайта өңдеу және жылына 240 миллион дана (тәулігіне 280 тонна шыны массасы) шыны ыдыс өндіру зауытын салу» жұмыс жобасына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп материалдары бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Зауыттың жер учаскесінің бұрыштық нүктелерінің координаттары:

1-нүкте – 44B°53’35.98”, 65B°25’24.10”
2-нүкте – 44B°53’47.26”, 65B°25’40.28”
3-нүкте – 44B°54’17.32”, 65B°25’40.15”
4-нүкте – 44B°54’25.84”, 65B°25’42.20”
5-нүкте – 44B°54’24.92”, 65B°25’51.18”
6-нүкте – 44B°54’22.94”, 65B°26’0.25”
7-нүкте – 44B°54’17.26”, 65B°26’8.49”
8-нүкте – 44B°54’11.47”, 65B°26’15.66”
9-нүкте – 44B°54’5.36”, 65B°26’27.58”
10-нүкте – 44B°53’59.84”, 65B°26’17.17”
11-нүкте – 44B°53’53.00”, 65B°25’58.03”
12-нүкте – 44B°53’41.01”, 65B°25’42.25”.

Әсер етуі мүмкін және қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Титов шағын ауданы, «Өндіріс» индустриялық аймағы.

Онлайн қосылу сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/88410170491?pwd=ItaaSxhzB35UXKZy0kl2cUtpudcDMD.1

Конференция идентификаторы: 884 1017 0491.

Қосылу коды: 902512.

Өзіңізбен бірге жеке басын куәландыратын құжат болуы қажет.

Қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыстың өткізілу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы – «Seven Rivers Technologies» ЖШС, ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Амангелді Иманов көшесі, 110-үй, 4а н.п., пошта индексі 120000, БСН 230540027195. Тел.: +7 777 700 7700, info@sevenrivers.tech.

Жоба әзірлеушісі – «Tau Engineering and Consultants» ЖШС, ҚР, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 5-үй, 13 н.п., пошта индексі 050000, БСН 030540007753, тел.: +7 771 554 29 17, gulzira.m@tauengineers.com.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, сондай-ақ кейін жарияланатын қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен Бірыңғай экологиялық порталда https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/, сондай-ақ ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru танысуға болады.

## Объявление

ТОО «Seven Rivers Technologies» сообщает, что 20.02.2026 г. в 15:00 ч. по адресу: г.Кызылорда, ул. Желтоқсан 12, Бизнес центр Бастау, 2 этаж, Конференц зал на 40 человек, состоятся общественные слушания в формате открытого собрания по материалам отчета о возможных воздействиях к рабочему проекту «Строительство завода по переработке твердых бытовых отходов в виде стеклобоя и выпуску стеклянной тары производительностью 240 миллионов единиц в год (280 тонн стекломассы в сутки) в Кызылординской области».

Координаты угловых точек земельного участка завода:

1 точка - 44B°53’35.98”,”65B°25’24.10”.
2 точка - 44B°53’47.26”,”65B°25’40.28”.
3 точка - 44B°54’17.32”,”65B°25’40.15”.
4 точка - 44B°54’25.84”,”65B°25’42.20”,
5 точка - 44B°54’24.92”,”65B°25’51.18,
6 точка 44B°54’22.94”,”65B°26’0.25”,
7 точка 44B°54’17.26”,”65B°26’8.49”,
8 точка 44B°54’11.47”,”65B°26’15.66”,
9 точка - 44B°54’5.36”,”65B°26’27.58”,
10 точка - 44B°53’59.84”,”65B°26’17.17”,
11 точка - 44B°53’53.00”,”65B°25’58.03”,
12 точка - 44B°53’41.01”,”65B°25’42.25”.

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Кызылординская область, г.Кызылорда, мкр. Титов, индустриальная зона «Ондирис».

Ссылка на онлайн подключение: https://us06web.zoom.us/j/88410170491?pwd=ItaaSxhzB35UXKZy0kl2cUtpudcDMD.1.

Идентификатор конференции: 884 1017 0491.

Код доступа: 902512

При себе иметь удостоверение личности.

Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «Seven Rivers Technologies», РК, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Амангельды Иманов, дом 110, н.п. 4а, почтовый индекс 120000, БИН 230540027195. Тел.: +7 777 700 7700, info@sevenrivers.tech.

Разработчик проекта – ТОО «Tau Engineering and Consultants», РК, город Алматы, проспект Аль-Фараби, дом 5, н.п. 13, почтовый индекс 050000, БИН 030540007753, тел.: +7771 554 29 17, gulzira.m@tauengineers.com.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/, а также на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі *(сенбілік екі нөмір)* күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.** | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы** **Тапсырыс №25** | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**